

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының " Алматы" клиникалық санаторийі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 қараша N 1451

"Алматы" санаторийін тиімді пайдалану, оның қаржы-шаруашылық қызметін дамыту және менеджментін жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының "Алматы" клиникалық санаторийі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталында мемлекеттің 100 пайыздық қатысуымен " Алматы" санаторийі" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекіту кезінде оның қызметінің негізгі мәні санаторийлік-курорттық және өзге де емдеу мен демалысты ұйымдастыру болып анықталсын;

2) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) негізгі шарты инвестициялар тарту деп анықтай отырып, Қоғам жарғылық капиталының 60 пайыз мөлшеріндегі акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін инвестициялау жағдайында ашық коммерциялық тендерде сатуды жүзеге асырсын;

4) осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының оған Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін иемдену және пайдалану құқығын беру туралы ұсынысына келісім берілсін.

4. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 15 қарашадағы
N 1451 қаулысына

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне
енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 қарашадағы N 1455 P961455_ қаулысына :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшадағы "Алматы" санаторийі", Алматы облысы, Қарғалы поселкесі" деген жолы алынып тасталсын;

көрсетілген қаулыға 2-қосымша мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

" Алматы " санаторийі " ААҚ .

3. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 P990405_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акциялар мен үлестердің мемлекеттік пакеттері республикалық меншікке жататын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктерінің тізбесінде :

"Алматы қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-58-жолмен толықтырылсын :

"123-58. " Алматы " санаторийі " ААҚ .

4. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 P990659_ қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымшада :

"Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 238-3-жолмен толықтырылсын:

"238-4. " Алматы " санаторийі " ААҚ .